

Педагогикалық кеңес хаттамасы № 2

“Асыл -ай” бөбекжай- бақшасы

23.10.2025 жыл

Өткізілетін орны: АКТ залы

Педагогикалық кеңес кеңес №1

Қатысқандар: Педагогтар, әдіскер, меңгеруші

Төрайымы: Н. Есжанова

Хатшы: М. Акимова

Күн тәртібінде:

- 1.№1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу мәселелері.
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
«Балалар кітапханасы» жобаларының тұсаукесері (презентация).
(Әдіскер, тәрбиеші С. Жүнісова)
- 2.«Көңіл күйіңіз қалай?» психологиялық тренингі.
(Педагог-психолог Н. Нұрсұлтанова)
- 3.«Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу: қолөнер – Ұлт мұрасы».
(Тәрбиеші Г. Садықова)
- 4.№2 педагогикалық кеңеске орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы.
(Меңгеруші Н. Есжанова)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша сөз бөбекжай-бақша меңгерушісі Н. Есжанова сөз сөйлеп, педагогикалық кеңестің маңыздылығына тоқталды. Меңгеруші мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда біртұтас тәрбие бағдарламаларын тиімді жүзеге асырудың қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, балабақшада тәрбие сапасын арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және педагогтардың кәсіби жауапкершілігін күшейту негізгі міндеттер екенін айтты.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша әдіскер №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы жан-жақты ақпарат берді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында балабақшада жүргізіліп жатқан тәрбиелік жұмыстарға талдау жасалып, тәрбиешілердің жоспарлары мен іс-шараларының жүйелілігі атап өтілді. Тәрбиеші С. Жүнісова «Балалар кітапханасы» жобалары бойынша презентация ұсынып, жобаның мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру,

